2	ЖІӨ (миллиард доллар)	243,8	227,1	175,5	137,1	158,2	170,9
3	Айырбастау бағамы (1 АҚШ доллары тенгеде)	155	179	221,5	342,5	325,9	340
4	Инфляция (%)	6,0	4,3	13,2	8,1	6,8	6,5
5	Республикалық бюджет (триллион тенге)	5,7	6,8	8,2	9,4	12,4	14,4
6	Бюджет тапшылығы (ЖІӨ ге пайызда)	2,5	1,5	3,0	1,6	1,5	1,1

Ескерту: Кесте Қазақстан Республикасының статистикалық жылнамасы деректері негізінде түзілген.

1 Кесте Теңге бағамы – 1 АҚШ долларына

Мезгіл	19.08.2015	15.01.2016	1.08.2016	1.04.2017	1.09.2017	1.03.2018	12.09.2018	24.09.2018
Таңге бағамы	180	370	344	312	338	320	381	352

Ескерту. Теңге бағамы ҚР Ұлттық банк деректері негізінде түзілген



Жастар мекені

Қазақ елі болашағының қаласы, ғылым мен білімнің ордасы, мәдениеттің ошағы бұл - Астана. Астана - шексіз мүмкіндіктер, асқақ армандар, биік мақсаттар қаласы.

Отанымыздың жүрегі Астанамыздың сол жағалауында, Есіл ауданында бой көтеріп құшағын айқара ашып тұрған ол біздің университетіміз - «Қазақ Технология және Бизнес университеті». Біздің университетімізге аяқ басқан әрбір жанның алдында екі есік айқара ашылады. Оның бірі ғылым-білімге деген болса, екіншісі - жаңа орта, жаңа мүмкіндіктер мен жаңа идеяларға толы жаңа бастамалар. Университетімізде негізінен технологиялық және экономикалық білім алуға мүмкіндік өте зор. Яғни заманға сәйкес «Химия, химиялық технология және экология», «Технология және стандартизация», «Экономика және қаржы», «Ақпараттық технологиялар», «Жеңіл өндіріс технологиясы және дизайн», «Менеджмент және туризм», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» сияқты мамандықтар бағытында білікті мамандар даярлау қолға алынған. Басқа университеттерден үлкен айырмашылығымыз өз мамандығымызды оқып қана қоймай, сол сала бойынша қандайда бір жеке бизнеспен айналысуға жол ашады. Қазақ Технология және Бизнес университетінде үлкен профессорлық

докторлық, магистрлік дәрежесі бар аға-оқытушылар мұндағы ғылым-білімнің асқақ тауын бағындыруға қол ұшын береді.

«ҚазТБҰ жастар қалашығында» - ғылыми жобалар, зерттеулер, ізденістер жүргізіледі. Сонымен қоса Қазақ технология және бизнес университеті шетелдік мемлекеттердегі жоғары оқу орындарымен қатынас жасайды, олар: Германия, Польша, Түркия, Ресей Федерациясы, Беларусь, Украина, Қырғызстан және т.б.

ҚазТБҰ-да ғылым-біліммен қоса студенттердің «Жастар ісі-жөніндегі комитетке» мүше болып қоғамдық іс-шараларға ат салысуға мүмкіндіктері зор.

ҚазТБҰ- жастар мекені! Университет қабырғасында «Miss KazUTB», «Жігіт сұлтаны» т.б. үлкен іс-шаралар және де апта сайын студенттермен ұйымдасқан көңілді шаралар өткізіледі.

ҚазТБҰ - адамның тұлға болып қалыптасуына, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып қалыптасуына мүмкіндік беретін мекен. Әр студентке ең қызықты, тәтті студенттік өмір және заманауи білім алуына зор мүмкіндік беретін-жастар мекені!

ҚазТБҰ 3 курс АТТТ-161
Кураторы Шынарай
Жасқайратқызы

Молодежь – это будущее нашего государства

Изучение положения молодежных групп в современный период является чрезвычайно важным для нашей Республики. Молодежь выступает основным источником пополнения рядов интеллигенции, составляющей ядро среднего класса. Молодежь – это будущее нашего государства, будущее нашей нации. Так кто же относится к категории молодежи? В интернет-ресурсах мы можем найти следующее определение молодежи: «Молодежь — это наиболее активная, мобильная и динамичная часть населения, свободная от стереотипов и предрассудков предыдущих лет и обладающая следующими социально-психологическими качествами: неустойчивость психики; внутренняя противоречивость; низкий уровень толерантности; стремление выделиться, отличаться от остальных; существование специфической молодежной субкультуры». Молодежь, с одной стороны, — это незащищенная и нестабильная группа в обществе, а с другой — это поколение, от которого зависит будущее страны. Такой особый статус молодежи рождает потребность в адекватной молодежной политике, способной решить или смягчить имеющиеся проблемы, а также направить в созидательное русло творческий потенциал молодежи. Отсюда следует если не направлять в нужное русло необузданную энергию молодежи, то она сама найдет для

себя сама занятие и не всегда безопасное и полезное. Вследствие, обществу необходимо оказывать поддержку молодежи и показывать пути и направления для развития.

Какой я вижу молодежь современности? Хорошо образованная, обладающая крепким здоровьем, энергичная, соблюдающая здоровый образ жизни, свободно владеющая казахским, русским и английским языками, толерантная, воспитавшая ценности и культуру казахского народа. Современные молодые люди видятся как самостоятельные, реально оценивающие свои возможности, ответственные за свою судьбу. Основными жизненными ценностями молодежи являются семья, друзья, здоровье, добро, любовь, справедливость, затем следуют материальное благополучие, интересная работа, карьерный рост. Со стороны молодежи важно понимание того, что только собственным упорным трудом, приобретением качественного образования и использования его на практике, бережливостью, активным включением в бизнес и развитие производства можно добиться личного успеха и общего процветания.

Наше будущее в руках у молодежи!

Досманова Анель,
группа Э-172

Заманға сай оқыту



Астана – жас қала, біздің қала! Біз үшін Астана ең алдымен, шексіз мүмкіндіктер мекені және асқақ армандармен биік мақсаттардың алтын кілті.

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында айтылғандай, Астана – қазіргі таңда үш тілдіктің дамыған ортасы. Ондағы жастар үш тілдің қажеттілігін де, маңыздылығын жете түсінеді.

Біз – Қазақ Технология және бизнес университетінің технологиялық факультетінің «Стандарттау, сертификаттау және метрология» мамандығының төртінші курс студенттеріміз. Біздің университет өткен үш жыл ішінде бізге көп нәрсе берді және мұндағы білімі сапалы және жоғары ұстаздардан білім алу – біздің сенімімізді күшейтіп, биіктерді бағындыруға ұмтылдырды.

ҚазТБҰ – да бәсекеге қабілетті мамандар дайындайды. Жоғары білікті оқытушылар құрамы және кітапхана жастардың білім алу мүмкіндіктерін арттыра түседі. Басқа қаладағы және басқа елдердегі университеттермен жасалған тиімді келісім шарттар негізінде студенттердің академиялық ұтқырлық аясында бір семестр басқа елдерде білім алып

қайтуға болады. Заманға сай «Стандарттау және сертификаттау», «Биотехнология», «Ақпараттық жүйелер», «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» сияқты мамандықтар бағытында білікті мамандар даярлау қолға алынған.

Университетімізде студенттердің қызығушылығын арттыру мақсатында «Жастар комитеті» құрылған. Студенттік өмірдің қызығын молайта түсетін «Мисс КазУТБ» сияқты көптеген фестивальдар ұйымдастырылып отырады. Қазіргі уақытта университеттегі барлық іс – шаралар тікелей аталған жастардың қатысуымен өтеді.

ҚазТБҰ – талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған мекен. Сыйластық пен шынайы достықтың мекені, ҚазТБҰ – ғашықтардың мекені. Сол себепті, болашағы зор жастарға ҚазТБҰ құшағын айқара ашып, өмірдегі ең қызықты студенттік өмірін және заманауи білім алуларына зор мүмкіндік сыйлайды.

ҚазТБҰ-ң ССЖМ мамандығының 4
курс студенттері

Студенческая жизнь - время открытых перспектив

Прожить студенческую жизнь – это заветная мечта, которая не покидает каждого школьника и светит перед ним маяком. Студенческие годы ассоциируются всегда с такими волшебными словами, как первая любовь, веселье и молодость. Можно лишь завидовать тем, кто удостоился счастья пройти этот путь и ощутить все радости студенческой жизни.

Лишь в студенческие годы человек начинает проживать уже вполне взрослую жизнь, еще не заполненную обычными проблемами обычных взрослых будней. Студенческая жизнь – это время открытых перспектив, возможность жить мечтами о прекрасном будущем, вера в исполнение всех желаний и надежда на открытие всех дверей. Сумевшим выбрать правильное направление и вовремя заметившим шанс судьбы, студенчество дает возможность своими глазами увидеть мир, попав в программу международного обмена студентов. Это также прекрасная возможность укрепить знание иностранного языка.

В нашем университете каждый студент может проявить себя и в науке и общественной жизни.

Общественная жизнь университета весьма содержательна и разнообразна. Формирование активной жизненной позиции, патриотического духа, оптимистического мировоззрения

каждого студента осуществляется на основе программ и планов. На конкурентоспособность выпускника влияет не только его образовательный уровень, но и его моральные качества – активность, целеустремленность, вежливость, доброта, оптимистичность и его патриотичность. Подобные качества студентов формируются в результате качественного учебного процесса и при участии в разных конференциях, конкурсах, в работе кружков. Особенностью студенческой жизни является то, что каждый студент знает как незабываемо и интересно провести своё свободное время. Поэтому, наши студенты отличаются разнообразностью интересов. Каждому предоставляется выбор того направления в котором он хотел бы себя проявить: научное, спортивное, творческое, организаторское и др.

Первокурсникам КазУТБ я хочу пожелать уверенно держать курс на успех, всегда стремиться к победе и копить важные знания, которые непременно сделают вас хорошими специалистами. Желаю энергии и сил, веселья и радости для юных лет, а также интересной и увлекательной учёбы.

Мадина Карибаева,
ст.преподаватель кафедры
ХХТИЭ



Тәні саудың жаны сау

ҚазҰТБ университеті, Экономика факультеті, «Менеджмент және туризм» кафедрасы, магистр, аға оқытушы БЕКТЕНОВ С.Ж.



Адамзаттың бірінші ұстазы аталған, ұлы ойшыл, ғалым Аристотель «тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауын дайындап шығарады» деген. Бұдан біз нені түсіндік, яғни кез келген оқу ордасы жастарға тек қана мамандығына байланысты білім беріп қоймай, тәрбиелей де білу керек. Біз қозғап отырған тақырып дене тәрбиесіне байланысты болмақ. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата-бабаларымыз «тәні саудың – жаны сау» - деп бекер айтпаған. Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты болады. Бұл туралы ұлы ойшыл Ибн Сина да өз шығармаларында айтқан. Ол сондай-ақ спортты мағынасына қарай жеңіл, ауыр, ұзын, қысқа сияқты бірнеше түрге бөлген. Денсаулық пен өмірді дамыту үшін кем дегенде спорттың 33 түрінен жаттығу жасау керектігін айтқан. Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасында халықты салауатты өмір салтына ынталандыруды басым бағыттың бірі ретінде атап көрсетті. Ел басшысы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан 2030» стратегиялық даму бағдарламасында «Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткілерді, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға және Т. С. С. бағытталған» делінген [1].

«Денсаулық – зор байлық, адам бақытының бастауы» - дейді халқымыз. Ата-бабаларымыздың бұл дана ой – пікірі талай ғасырлар белесінен өтіп бізге жетіп отырған шындық. Ұлттың денсаулығы ұлан-асыр байлық екені рас, тек оған ие болу үшін көп күштер жұмсауымыз қажет. Денсаулық адамға бірақ рет берілетін табиғат тартуы. Ол тұрақты, мәңгілікке берілмейді, үзбей өзгерісте болады. Оны сақтау үшін еңбек сіңіру, ауырмай тұрып іс - әрекет жасау керек. Оған нақты білім, ынта - ықылас, ерік – жігер қажет, онсыз баянды, әрі ұзақ денсаулықты сақтау қиын.

Салауатты өмір салтының жастар арасында қалыптасуының маңызы өте зор. Бұл бағытта жүргізілетін жұмыстар: ауру шақыратын факторлардың әсерін төмендетуге, ішімдіктің, темекінің, есірткінің зияндығына, қимыл-қозғалыстың аздығына, құнарлы тамақтанбауға қарсы жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстарына негіз салды.

Салауатты өмір тіршілігі –денсаулықты сақтаудың және нығайтудың негізгі, ол жан-жақты дамыған азаматтың қалыптасуына, оның рухани, дене дамуына әсер етеді.

Денсаулыққа кері, жағдайсыз әсер ететін көптеген факторлар бар: ауырып жазылу; никотин мен алкогольге құмарлық; еңбектің, тұрмыстың жайсыз жағдайларының созылмалы әсері; дұрыс тамақтанбау (оның жеткіліксіздігі және шамадан тыс көптігі); көңіл күйдің жылдам ауытқуы, еңбек пен ретсіз демалыстың бұзылуы, ауаның, судың бұзылуы;

дәрі-дәрмекті және тұрмыс химиялық заттарын орынсыз пайдалану. Осы факторлардың ішінде бірінші қатарда қимыл-қозғалыстың аздығы.

Салауатты өмір тіршілігінің негізгі бағыттарының бірі – қимыл-қозғалыс деңгейі. Адам тіршілігіне ауа, су, тамақ қандай керек болса, белгілі деңгейдегі

қозғалыстың да маңызы сонша, оны өмір сүрудің ең басты шарттарының бірі ретінде есептейді. Табиғаттың өзі адамның қолында физиологиялық теңдесі жоқ, денсаулық тәсілін беріп отыр, ол – қимыл – қозғалыс, дене жаттығулары. Бәрі де адамның ынтасына, ықыласына, жігеріне, әркімнің өз басына, жауапкершілігіне тікелей байланысты.

Адам ағзасы атадан атаға, бір адамның даму кезеңдеріне қимыл қозғалыстың әсерінен қалыптасады. Қимыл қозғалыстың аздығы (гипокенезия денсаулықты бұзатын себептердің бірі. Дене тәрбиесінің міндеттері:

- денсаулықты нығайту және шынықтыру, дененің дұрыс өсіп-жетілуіне және ағзаның жұмыс қабілетін арттыруына әсер ету;
- қимыл дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру және жетілдіру;
- қимылдың жаңа түрлеріне баулу және оны теориялық білімдерімен байланыстыру;
- негізгі қимыл-қасиеттерін күшті, төзімділікті, шапшаңдықты және ептілікті дамыту;
- еріктілікке, батылдыққа, табандылыққа, тәртіптілікке, ұйымшылдыққа, достық пен

жолдастық сезімге, мәдениет мінез-құлық дағдысына еңбек пен қоғамдық меншікке саналы көзқарасын тәрбиелеу;

- әдеттерді қалыптастыру және дене жаттығуларымен үнемі шұғылдануға ынтаны тәрбиелеу;

-гигиеналық дағдыларды сіңіру, дене жаттығулары мен шынықтыру гигиенасы жөніндегі білімді хабарлау.

Жастарды жүйелі түрде дене жаттығуларына үйретудің тиімді жолдарының бірі - олардың өз еркімен дайындалуы. Осыған байланысты оқу бағдарламасына дене тәрбиесінен үйге тапсырма беруді міндетті түрде енгізу керек. Отбасында өз еркімен орындалатын дене тәрбиесінің бір түрі -таңертеңгілік гигиеналық-бой сергіту жаттығуы. Ол адамның дене құрылысының ұйқыдан соңғы тіршілік қызметіне тез араласуынаәсерінтигізіпқанақоймай, адамды сергек жүруге және көңіл-күйін көтеруге көмегін тигізеді. Таңертеңгілік бой сергіту жаттығуы тұлғаны дұрыс қалыптастыруға әсер ете отырып, тыныс алуды жақсартады, қан айналу жүйесі қызметін күшейтеді, зат алмасуға көмектеседі, жастардың зеректігін,

мақсатқа жету ұмтылысын қалыптастырады, ақыл-ой қызметін арттырады. Ертеңгілік бой сергіту жаттығулары жастарды тәртіптілік пен бейімділікке, өзіне деген сенімділік пен белсенді қызмет атқаруға тәрбиелейді.

Порфирий Корнеевич Иванов - уақытты жарты ғасырға басып озған жан. Оның қарапайым әдісі - «Детка» немесе «Иванов жүйесі» деп аталады. Оның нұсқаулары:

- өзінді жақсы сезіну үшін күніне 2 рет табиғи суық суға шомыл. Ыстық суға шомылсақ, суық сумен нүктесін қой;
- шомылар алдында, не шомылып жатқанда табиғат аясына шың, жалаң аяғыңмен жер бас. Ауаны аузыңмен қармап, бірнеше рет дем ал да іштей өзіңе және өзге жұртқа денсаулық тіле;
- арақ ішпе, темекі тартпа;
- аптасына кем дегенде 1 рет тамақсыз не сусыз күн кешуге тырыс;
- қоршаған ортаны сүй. Айналаңа түкірме және ештеңе тастама. Бұл сенің саулығың;
- денім сау болсын десең барлық адаммен сәлемдес;
- бойыңдағы жаман қылықтардан арыл. Жұртқа сен және оларды сүй;
- адамдарға әсіресе көмек сұрағандарға көмектес. Оның қажетіне бар жандүниенмен көмектес. Ол сенің досыңа айналады, соныңмен әлемдік іске ат салысасыз;
- жексенбі күні табиғатқа жалааяқ шығып, бірнеше рет тыныс ал да, ойлан;
- ауру, сырқат, өлім жөнінде ойлаудан қаш. Бұл сенің - жеңісің;
- ес пен ойды бөле қарама. Оны жүзеге асыр;
- іс жөніндегі тәжірибенді үлгі-өнеге ет. Бірақ ол үшін мақтанба да, өзіңді-өзің өреден жоғары ұстама. «Ұлық болсаң-кішік бол». Бұл қағиданың жастарды рухани жағынан тазартып, салауатты өмір сүруіне тигізетін рөлі ерекше. Қоғамның болашағы - жастарға ұжымдық тәрбие беруде дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындарды өткізудің рөлі зор. Қазақстанның ұлттық ойындарының ішінде ұжымдыққа, ауызбірлікке тәрбиелейтін ойындарды оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалануға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1.Елбасының халыққа жолдауы «Қазақстан -2030 стратегиясы» 1997 ж.
- 2.Ұлттық ойындарды тәрбие жұмысында қолдану. - Алматы, 2002.
3. Ж. Қоянбаев, Р.Қоянбаев. Педагогика. - Алматы, 1998





Қазақ технология және бизнес университеті – татулық пен келісім мекені

Студенттік жастардың толеранттық мінез-құлқын қалыптастыру, патриотизм рухында тәрбиелеу, этно-конфессиялық қатынастарды үйлестіру, ұлтаралық келісімді нығайту, ҚХА қызметін насихаттау мақсатында 2017 жылғы 17 қаңтарында Қазақ технология және бизнес университеті Қазақстан халқы Ассамблеясы орталығы құрылған болатын.

Содан бері осы бағытта бірқатар іс-шаралар атқарылып келеді.

Дамудың тек бейбіт елде ғана болуы шартына байланысты Қазақстан халқы Ассамблеясы институтының орнықты ұлтаралық татулықты сақтау және нығайту бағытындағы жұмыстарымен таныстыру, университетте ашылған Қазақстан халқы Ассамблеясы орталығының алға қойған жоспарларын баяндау мақсатында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстелге ҚР Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасы басшысы м.а. Жүнісбеков Бақытжан Әбдірайымжанұлы, Татар-башқұр мәдени орталығының маманы Валиев Равиль ҚазТБҰ басшылары, профессорлық-оқытушылық құрам мен студенттер қатысты. Келген қонақтар сөз сөйледі, өз пікірлерімен бөлісті.

2018 жыл 22 ақпан күні Тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер бөлімі, Қазақстан халқы Ассамблеясы орталығы және «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы бірігіп «Елбасы Жолдауында жүктелген міндеттерді орындауда Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі» тақырыбында талқылаулар ұйымдастырды. Онда баяндамалар оқылып, қатысушылар тақырыпқа қатысты мәселелермен қызу бөлісті. Соңында қала әкімшілігі мен Ассамблея мүшелері біріккен жоспар құратын болып, іс-шараларға бірігіп атсалысатын болып шешім



қабылдады.

Университеттің ҚХА орталығы тарапынан Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» Республикалық мемлекеттік мекемесімен байланыс орнатылды, Университеттің ҚХА орталығының белсенді мүшелері ҚХА ғылыми-техникалық сарапшылар отырыстарына қатысып отырады, этномәдени бірлестіктердің өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылып, толеранттылық ұлтаралық татулық және конфессияаралық келісім идеяларын жастардың санасына сіңіру мақсатында сабақтар өткізіліп тұрады.

Қазақстан халқы бірлігі күніне арналып, 1 мамыр күні қалалық

мерекелік іс-шара өткізілді. Бағдарламада әр түрлі ұлттардың ән-күйлері, билері, нақыл сөздері студенттік шығармашылық фестиваль ұйымдастырылды. Көрме ашылып, «Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» – әр түрлі ұлттардың ұлттық тағамдарынан құралған дастарқан жайылды. Сондай-ақ, барлық қатысушыларға «Ынтымағы жарасқан ел» атты ашық дәріс оқылды. Мерекелік іс-шара барысында ұлттық киім үлгілері, студенттердің шығармашылық жұмыстары көпшіліктің назарына ұсынылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы орталығы 2018 жылғы мамыр айында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»

бағдарламасының «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» республикалық жобасын жүзеге асыру бойынша жиын өткізді, оған университет ғалымдары, оқытушылары мен магистранттары қатысты. Жиында әлеуметтік-гуманитарлық пәндер оқытушылары жаңа кітаптардың жоғары оқу орындарының білім беру үдерісіндегі маңыздылығы туралы айтты, жаңа оқулықтардың мазмұнына тоқталып өтті, сондай-ақ бұл кітаптардың болашақ мамандарға қажеттілігі атап көрсетілді.

Университеттің ҚХА орталығының алдында атқарылатын жұмыстар көп, алдағы жылдарда Қазақстан халқы Ассамблеясымен және этномәдени

бірлестіктермен үнемі байланыста болу, шығармашылық ұжымдар мен студенттік қозғалыстардың өзара тәжірибе алмасуына, студент жастардың Қазақстандағы барша ұлттардың мәдениеті, салт-дәстүрімен танысуына мүмкіндік тудыратын кездесулер мен түрлі іс-шаралар ұйымдастыру, бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар жариялау жоспарлануда. Орталық – ұлтаралық татулықтың басты алаңы, оның ғылыми және саяси құралы.

**ҚазТБҰ Қазақстан халқы Ассамблеясы жетекшісі
К. КАНАФИЕВА**

Среда молодежи

Среда молодежи – это для многих место, где они проводят большую часть своего времени. Для студентов – это университет КазУТБ. Особенность нашего университета основывается на приверженности строгому исследованию, отличительному образованию, а также партнерству в области образования и инноваций с другими учреждениями. Это вносит существенный вклад в жизнь всех: нынешних и будущих студентов, преподавателей, персонала и выпускников.

По моему мнению, КазУТБ — это основная интеллектуальная и развлекательная среда молодежи, где отражаются прочные личностные ценности каждого из нас. Наш университет был создан не так давно, но успел обрести конкретные цели. Задачи и интересы студентов - сформулировать и четко рассказать их миру. Все действия (внутри образовательного учреждения и вне): то, как мы ведем себя в обществе, стиль одежды, какие слова выбираем при разговоре, мероприятия, которые посещаем, отражают основную среду пребывания студентов.

В течение четырех лет студенческой жизни эта среда дала мне ресурсы для вдохновения своим окружением, это многочисленные тематические мероприятия внутри университета и креативная молодежь. Научила ставить цели и идти к ним, преподаватели всегда направят в правильное русло и являются нашими настоящими наставниками. Сохранять чистоту не только вокруг себя, но и в мыслях, поэтому невольно учишься расставлять приоритеты. Быть реалистичными, после школьной поры, когда покидаешь дом и вливаешься в новую среду, развеиваются все нереалистичные ожидания о студенческой жизни, учишься адаптироваться и делать каждый день плодотворным для себя. И наконец, делать любую работу добросовестно. Это самый важный пункт, к которому я пришла за годы обучения в университете.

Молодежный коллектив дает нам понимать, что все в мире делается ради нас самих, ради людей, забота и равнодушие главные качества которым мы учимся от наших наставников, не считая огромного багажа знаний. Чем более развита



деятельность обучающихся в студенческой среде, тем больше мы усиливаем бренд университета. Чем более мы укрепляем бренд, тем успешнее мы будем в будущем, и, чем успешнее мы будем, тем более будем оказывать положительное влияние на наши

окрестности, наш город, нашу нацию, наш мир.

**Сейтмагамбет Акбота,
4 курс СМиС-152**



МОЛОДЕЖЬ КАЗАХСТАНА

ТЛЕУБАЕВА А.О.,
Казанский университет технологии и
бизнеса, кафедра «Информационных
технологий»



В современном обществе проблема самоопределения и самоутверждения личности молодого человека является сверхактуальной и приоритетной задачей государства. Молодежи Казахстана необходимо помочь четко обозначить пространство для приложения своего интеллектуального и инновационного потенциала. В Послании Президента Казахстана Н.А. Назарбаева «Новое десятилетие - новый экономический подъем - новые возможности Казахстана» определено, «молодежь - основа будущего, получит новые возможности строить свое будущее» [1].

Каждое поколение вносит что-то новое в развитие общества. Однако при этом все новое базируется на старых основах. Молодежь - это отражение направления развития общества. Глядя на молодых людей, можно понять, куда и с какой целью движется общество.

В настоящее время происходит расширение инвестиций в собственный человеческий капитал, вложение капитала в самого человека. Человеческий капитал определяется как образовательный, социальный ресурс человека, его культурный потенциал. В быстро меняющемся мире стратегические преимущества будут у тех обществ, которые смогут эффективно накапливать и продуктивно использовать человеческий капитал, а также инновационный потенциал развития, основным носителем которого является молодежь. Молодежь выступает как совокупность воплощенных в нем ценных ресурсов - знаний, способностей, мотиваций, навыков к восприятию и продуцированию информации, полученных в процессе образования, самообразования, практической деятельности.

Фундаментом миропорядка современного бытия в глобализирующемся мире является гуманистически-ориентированная культура. В современных условиях молодежь Казахстана отличается большей мобильностью и избирательностью в своем отношении к миру ценностей, поиском себя, своей индивидуальности.

Современная шкала ценностей осложняется изобилием выбора, в системе ценностных ориентаций проявляются ситуативные и долговременные представления молодежи. Молодежь восприняла ценности рынка, поставив популярность жизненных стратегий социального успеха на первые места: среди целеполагающих ценностей молодежи доминирует образование, которое оказывается на самых верхних ступенях иерархии, а также принцип индивидуального планирования собственной жизни самим человеком, личная инициатива, ценность свободы личности, ее суверенитет, свободная конкуренция, плюрализм, важность влиятельных друзей и знакомых, помощь «нужных» людей, гедонистические ценности, прагматизм. Экономический, духовный кризис породил ситуацию глубокой мировоззренческой дезориентации среди молодых людей, и не следует думать, что ситуация разрешится сама по себе, в этих реалиях необходимо вовлекать молодежь Казахстана в общественную жизнь социума, общество нуждается в жизненных силах, свежих идеях. В лице современной молодежи в казахстанском обществе сформировался абсолютно новый культурный тип, существенно отлича-

ющийся от прежних поколений: сформировался слой молодежи с новыми ориентирами, ценностными установками на достижение успеха, рациональным экономическим поведением. В этом плане, на своих многочисленных встречах с молодежью Казахстана Н.А. Назарбаев подчеркивает: «Каждому человеку надо привить умение делать, умение учиться, умение жить, умение жить вместе в современном мире» [2].

Культ знания, стремление к знанию - верхняя ступень в иерархии ценностей современного молодого человека. Образование выступает в современном обществе как одна из главных ценностей, эталон времени - высокообразованная, конкурентоспособная личность. Здесь налицо совпадение интересов молодежи и государства, ведь только образованная нация в дальнейшем успешно будет решать задачи социума. Об этом концептуально изложено в актовой лекции, прочитанной Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым в Казахском национальном университете им. Аль-Фараби «Казахстан в постиндустриальном мире: интеллектуальный прорыв в будущее»: «Первостепенная задача современной системы образования - это подготовка людей, обладающих критическим

мышлением и способных ориентироваться в информационных потоках».

Молодежь, как поколение, вступающее в жизнь, проявляет особый интерес к собственному будущему. Молодое поколение верит в свои возможности, четко знает, какие знания и умения могут стать ему полезными в будущем.

Современная молодежь Казахстана является субъектом истории, казахстанское общество открыло его для себя как социальную ценность особого рода. Нынешняя молодежь исключительный и важный фактор перемен, носитель новых идей. В связи с этим и необходима современная государственная молодежная политика, отвечающая запросам XXI века.

Список литературы:

1. Назарбаев Н.А. Послание Президента Казахстана: Новое десятилетие - новый экономический подъем - новые возможности Казахстана // Казахстанская правда. - 2010. - 30 января.
2. Назарбаев Н.А. Актовая лекция Президента РК. Казахстан в посткризисном мире: интеллектуальный прорыв в будущее. - Алматы: Казак, университети, 2009. - С. 20.

Ұжымнан құттықтау!



Тултабаев Мұхтар Шоманұлы 1958 жылы Ташкент облысының Янгиюль ауданында дүниеге келді. 1975 жылы Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтының «Тамақ өнімдерін өндіруге арналған машиналар мен құрылғылар бойынша инженер-механик мамандығын, ал 1985 жылы Мәскеу тамақ өнеркәсібі технологиялық институтында күндізгі оқу бөлімін бітіріп, 1989 жылы 25 мамырда кандидаттық диссертацияны, 1999 жылы 27 желтоқсанда докторлық диссертация қорғады.

2011 жылы Малайзия Мультимедиа университетінің «Болашақ» стипендиаты болды. 2007-2010 ж.ж. АҚШ-тағы Біріккен Ұлттар Ұйымында, Венеция халықаралық университетінде, Токио университетінде, Пекин университетінде, Лондон экономика және саясат мектебінде әртүрлі біліктілікті арттыру курстарына, сонымен қатар семинарларына қатысты.

Алғаш еңбек жолын Тултабаев М.Ш. 1980 жылы Алматы қаласының «Каззавтомельмонтаж» трестінің басқармасында 5-дәрежелі шебер-монтаждаушы болып бастаған. Сол жылы КСРО Қарулы Күштерінің қатарында қызмет еткен. 1982 жылы Семей қаласының Алматы сәулет-құрылыс институтында ассистент-көмекші, 1985 жылы Мәскеу тамақ өнеркәсібі технологиялық институтында күндізгі аспиранты болып, 1989 жылы Алматы сәулет институтында ассистент-көмекші, 1990 жылы Алматы технологиялық университетінде доцент, 2000 жылы Қазақ инженерлік-технологиялық университетінде оқу жұмысы жөніндегі проректор, 2003 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінде

ҚР БҒМ Ғылым Департаментінің бас маманы болып жұмыс атқарған.

2004 жылы Мұхтар Шоманұлы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде кадрлық қамтамасыз ету департаменті директорының орынбасары, 2006 жылы Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінде ҚР ҚОҚМ экологиялық саясат және тұрақты даму департаментінің директоры, 2013 жылы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінде ҚР ӘЖ өнеркәсіптік даму және өнеркәсіп қауіпсіздігі комитетінің жеңіл өнеркәсіп комитетінің бастығы, 2015 жылы Ақмола технология және бизнес университетінде ғылым және инновация жөніндегі проректор қызметтерін атқарған.

Мұхтар Шоманұлы техника ғылымдарының докторы, профессор. 60-тан астам ғылыми еңбектің авторы. Қазақстан Республикасының 7 патенттің иегері. 2001 жылы оған профессор атағы берілді. 2 техника ғылымдарының кандидатын дайындады. 2001-2003 ж.ж. - докторлық диссертацияларды қорғау бойынша диссертациялық кеңестің

төрағасы. 2006-2010 ж.ж. «Тұрақты даму» бағдарлама бойынша білім берудің ұлттық үйлестірушісі. БҰҰ ЕЭК Су ресурстары және денсаулық сақтау туралы хаттаманың «Трансшекаралық ағын сулар мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияға» қатысушысы. Қазіргі уақытта «НТГЭСЗО» АҚ және «НАТР» АҚ ғылыми қызметкері.

Бүгінгі таңда Мұхтар Шоманұлы 2015 жылдан бастап Қазақ технология және бизнес университетінде «Технология және стандарттау» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, әрі осы кафедрада техника ғылымдарының докторы болып жұмыс атқарады.

Құрметті, Мұхтар Шоманұлы! Сізді өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін аяулы азамат, аға ретінде жақсы білеміз. Өзіңіз еңбегіңізді арнаған саланы дамытуға сіңірген белсенді қызметіңіз, тың ғылыми-техникалық жаңалықтарды енгізуде озық ойлайтын кемел қабілетіңіз тәнті етпей қоймайды, жастарға ұлағатты ұстаз, өнегесіз.

Сіздің еңбек жолыңыз сан қырлы. Еңбекке ерте араласып, ұлағатты өмір мектебінен өттіңіз. Шәкірт

тәрбиелей жүріп, ұстаздығыңызды шығармашылық жұмыспен ұштастыра білдіңіз. Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және үлкен азаматтық парасат Сізді зор құрметке беледі. Өмірлік еңбек пен тұрмыс тәрбиесі, жеке басыңыздың кіршіксіздігі Өзіңіз, отбасыңыз үшін ғана емес, қатар жүрген әріптестеріңіз, тілектес дос-жаран үшін де зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ бала-шағаңыз үшін нағыз өмір мектебі екендігі даусыз.

Құрметті, Мұхтар Шоманұлы! Сізді адам өміріңіздің айтулы белесі - 60 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Шығар шыңдарыңыз әрқашанда биік болғай. Сізге және сіздің шаңырақтарыңызға шаттық, баянды бақыт, зор денсаулық тілей отырып, өмірдің барлық қуанышын қызықтап, Алланың берген жасын жасап, кісілік келбеттеріңізден танбай, несібе-дәулеттеріңіздің арта беруіне ақ тілегімізді білдіреміз!

**Құттықтау ізгі-тілек
білдіруші:
«Технология және
стандарттау» кафедра
ұжымы және шәкірттеріңіз!!!**



Ұжымнан құттықтау!



Бектурганова Алмира Ануарбековна 1968 жылы Шығыс Қазақстан облысында Зайсан қаласында дүниеге келді. 1991 жылы Семей технологиялық институтының «Сүт және сүт өнімдерінің технологиясы» мамандығын, 2004 жылы Қазақ технология және бизнес университетінің магистратурасын бітіріп, техника ғылымдарының кандидаты дәрежесін алды. Целиноград қаласында 1991-1994 жылдары №6 Арнайы орталық техникалық училищесінде директор орынбасары болып, ал 1994-1997 жылдары Агротехникалық колледжде бас маман ретінде жұмыс істеді. 1999-2003 жылдары Астана қаласында «Индустрия-

Астана» ЖШС инженер-технологі болып жұмыс атқарған.

Қазіргі таңда Нанотехнология саласында стандарттау бойынша 72-ші техникалық комитетінің мүшесі болып саналады, сонымен қатар Республикалық «Учебник» ғылыми-тәжірибиелік орталығының және ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің «Электрондық білім жүйесі (e-learning)» жобасында сарапшылар құрамының бірі. Ол С.Сейфулин атындағы агротехникалық университетінің «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» мамандығы бойынша Оқу Әдістемелік Кешенінің мүшесі, жоғары білім орталықтар арасында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық конкурста жеке және топтық басымдылықтың әрі мамандық арасында республикалық студенттік пәндер олимпиадасының жүлдегер басшысы. Біліктілігін арттыру саласында ондаған сертификаттары бар, 70-тен аса халықаралық және республикалық ғылыми-техникалық конференциясында мақалалары жарияланған. Қазақстан Республикасында 4 инновациялық патентінің әрі 7 оқу құралдарының және 20 әдістемелік нұсқауларының авторы. Оның ондаған туындылары газет беттерінде жарық көрген. Бүгінгі таңда Алмира Ануарбековна 2003 жылдан бастап Қазақ технология және бизнес университетінде «Техноло-

гия және стандарттау» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, әрі осы кафедрада техника ғылымының кандидаты болып жұмыс атқарады.

Алмира Ануарбековна, сіз көп жылдар бойы ақырын жүріп, анық басқан ұстаздығыңызбен қатар, сабырлы мінезіңізбен, салиқалы салмақты ақылыңызбен жастарды тәрбиеледіңіз, әрқайсымыздың өмірде өз орнымызды табуымыз үшін берген ақыл - кеңестеріңізге, бізді ел қатарына қосқаныңызға мың да бір рахмет айтып, ыстық ықыласымызды білдіргіміз келеді. Жылдар бойы университетте ғылым мен білім, қоғамдық іс - шараларға аянбай ат салысып, барлық саладан белсенділік таныттыңыз. Үлкен биікке қол жеткізуімізге, өз септігіңізді қосқаныңыз үшін, адамгершілікке тәрбиелегеніңіз үшін сізге үлкен алғысымызды білдіреміз.

Қоғам мен адамзат алдындағы өлшеусіз еңбектеріңізді ескере отырып, Сізге өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі өрелі жұмыстар және мемлекеттің гүлденуі жолындағы абыройлы істеріңізге толымды табыс тілейміз. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін ұстаздық жолдарыңыз тек өрлеу мен өсуге бастасын.

Елу деген жарты ғасыр бұл өмірде,
Елу деген алтын той некеліге.
Елу жылда – ел жаңа деген сөз бар


Сол елуге өзің де келдіңіз міне.

Бір жақсы үлгі көріп әркім сізден,
Теңейді берері көп алтын күзге.
Елу жыл еңсеңізді биік ұстап,
Жүрдіңіз ел алдында жарқын жүзбен.
Елу жас – енді өмірдің басталғаны,
Жетіңіз талай шыңға, асқарға өлі!
Қос жанар – қос балаңыз аман болсын,
Сол емес пе ұстаз -ананың басты арманы!

Құрметті Алмира Ануарбековна! Біз, Сізді 50 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Осы қуанышты күні Сізге деніңізге саулық, шаңырағыңызға ырыс-береке, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс, әріптеріңіз бен шәкірттеріңіз алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз!

**Құттықтау ізгі-тілек білдіруші:
«Технология және стандарттау» кафедра ұжымы және шәкірттеріңіз!!!**



Колледж тынысы

«Біз бабалар жолын жалғастырушымыз!» тақырыбында Астана қаласы, Білім басқармасының жылдық жоспары бойынша жекеменшік колледждер арасында, «Жас сарбаз» әскерлендірілген сайысында «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ колледжінің «Қырандар» командасы 1- орынға ие болды.

2018 жылдың 16 қазанында кәмелетке толмаған жастарға «Қылмыстық жаза» тақырыбында «Заң» қоғам орталығының юристі К.А.Ануарова 1- курс студенттерімен кездесу өткізді. Кездесуге 80 студент қатысты.

Мерекелік іс шаралар 1 қазан – халықаралық қарттар күні. Ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан-жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің не-

гізін салуға жол ашқан алдыңғы буын аға-апаларымыздың төл мерекесіне орай «Жалпы білім беру және ақпараттық технологиялар» бөлімінде білімгерлер бойынша халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, өз ата - бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт - дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу мақсатында «Қартын қадірлеген қоғамның болашағы жарқын» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

5 қазан – Ұстаздар күніне орай «Ұстазым, менің ұстазым!» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Колледж директоры Д.Өтеев ұстаздарды төл мерекесімен құттықтап, университеттің президент-ректоры Ж.Оразбаевтың Алғыс хатын тапсырды.

2018 жылдың 19 қазанында Колледж талапкерлерін студенттер қатарына қабылдау іс-шарасы өткізіліп, 204 студентке студенттік билет тапсырылды. Колледждің ішкі, қалалық қоғамдық жұмыстарға белсене қатысатын және спорттық сайыстарда жоғары белестерден көрініп жүрген студенттер колледж директорының Алғыс хатымен марапатталды. Мереке соңы концерттік бағдарламамен жалғасты.

2018 жылдың 20 қазанында «Халықаралық аспазшылар» күніне байланысты колледждің ТиОППП мамандығы барлық топ студенттеріне жәрмеңке ұйымдастырды.

Халықаралық стандарттау күні қарсаңында пән оқытушысы Қалыс Нұржанардың ұйымдастыруымен «Стандарттау және халықтың әлауқаты» тақырыбында ғылыми-семинар өтті. Семинарға топтар арасынан 50 студент қатысты.

Құттықтау!

• Қырғызстандағы Ұлы отан соғысының ардегері, II, III дәрежелі ордендердің иегері Мураталиев Молдалыны еске алу құрметіне өткізілген Жастар арасында VII Халықаралық бокстан колледж студенті Мұхтаров Ақылбек 1- орынды иеленді.

• «Жас сарбаз» әскерлендірілген сайысында «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ колледжінің «Қырандар» командасы 1- орынға ие болды.

• Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында инклюзивтік білім берудің үздік педагогы республикалық байқауының қалалық кезеңінде жоғары деңгейдегі кәсіби құзыреттілігімен ерекшеленгені үшін Мешелов Мухамедрахим Елубаевич 1- дәрежелі Дипломмен марапатталды.





Гостевой визит доктора PhD Овчаровой Снежанки

АО «Казахский университет технологии и бизнеса» в рамках академической мобильности посетила доктор PhD, ассоциированный профессор Варненского свободного университета им. Черноризца Храбра (Болгария) Овчарова Снежанка Костадинова.

Программа визита была насыщенной. Ассоциированный профессор Овчарова Снежанка проводила гостевые лекции по дисциплинам: «Проектное управление» для специальности «Учет и аудит» и «Управление человеческими ресурсами» для студентов специальностей: «Туризм», «Ресторанное дело и гостиничный бизнес», «Менеджмент».

Проводились встречи студентов, магистрантов и профессорско-преподавательского состава кафедр «Экономика, учет и аудит», «Менеджмент и туризм», «Истории Казахстана и социально-гуманитарных дисциплин» где

обсуждали вопросы развития современной экономики и дан компаративистский анализ двух стран Казахстана и Болгарии.

Овчарова Снежанка приняла активное участие на заседании Научного семинара экономического факультета, где выступила с интересным докладом по проблеме: «Роль докторской степени в карьерном развитии и бизнесе», провела мастер - класс на тему: «Культурные аспекты в управлении международными проектами». Проводила встречи, участвовала в диспутах, дискуссиях, а также осуществляла экспертную и научную деятельность, например, в качестве эксперта приняла участие в работе круглого стола «Менеджер новой формации», вовлекая магистрантов и студентов экономического факультета в данную проблематику.

Провела обучающий тренинг-семинар для работников универ-



ситета по теме: «Challenges for modern managers» на английском языке.

Доктор Овчарова Снежанка оставила о себе добрую память подарив университету, выпущенный учебник «Human resource management», который находит-

ся в библиотеке университета и будет полезен студентам, магистрантам и ППС университета и всем тем, кто интересуется вопросами управления человеческими ресурсами.

Коэффициент полезного участия (KPI) приглашенного лектора - высок, в частности выполнено руководство докторской диссертацией, в будущем планируется руководство магистерской диссертацией, выпуск научных статей в сборниках международных конференций, издание монографий и учебников.

Принимала активное участие во всех культурно-воспитательных

мероприятиях, в частности «Посвящение в студенты КазУТБ», концертной программы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» и др.

Представитель Варненского свободного университета им. Ч. Храбра доктор Овчарова Снежанка высоко оценила результаты визита и проявила огромный интерес к сотрудничеству с Казахским университетом технологии и бизнеса.

Декан экономического факультета, доктор делового администрирования, профессор НУРГАЛИЕВА А.Ш.



Қазақ технология және бизнес университетінің ұжымы Тәрбие жұмысы және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі проректор Аманжолов Самат Аманжолұлының **әкесі Шаймуратов Аманжол Сақарияұлының** қайтыс болуына байланысты көңіл айтады.



Құттықтау!

- ✓ Астана қаласы Білім беруді жаңғырту орталығы 2017-2018 оқу жылының қорытындысы бойынша колледждер арасындағы рейтингті жариялады. Біздің колледжіміз жекеменшік 23 колледж арасында 1-ші орынды иеленді.
- ✓ 2018 жылдың 10-шы қыркүйегінде колледжіміздің спорттық жетістіктері үшін колледждің дене шынықтыру оқытушысы Исанов Нағашыбай Дүйсембайұлына Білім басқармасының басшысы А. Жанғозин құрмет грамотасын тапсырды.
- ✓ 2018 жылдың 11-ші қыркүйегінде жыл қорытындысы бойынша колледждің алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Қасымов Мамыр Әбдіқадірұлына Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.Аманшаев атынан алғыс хат тапсырылды. Сонымен қатар Астана қаласы Білім басқармасы басшысы, қорғаныс департаменті басшысы және МКҚК БЖО "Шығыс" директорының құрмет грамотасымен марапатталды.
- ✓ 2018 жылдың 25-ші қыркүйегінде Астана қаласы әкімдігінің "Астана жастары" КММ ұйымдастыруымен №65668 әскери бөлімінде Астана қаласы мектептері мен колледждері арасында "Жаужүрек мың бала" атты әскери патриоттық ойыны өткізілді. Колледждің "Қырандар" командасы бірінші орын алып, жеңімпаз атанды.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ

«Химия, химиялық технология және экология» кафедрасының аға оқытушысы Нұртай Жадыра Тастембекқызын докторлық (PhD) диссертациясын М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіндегі диссертациялық кеңесте сәтті қорғауымен құттықтап, шығармашылық табыс, еңбекте жеміс, зор денсаулық тілейміз!!!

Тілек білдірушілер: Қазақ технология және бизнес университетінің және «Химия, химиялық технология және экология» кафедрасының ұжымы



Тоздравляем именинников



Иса Пернекул
Бектенов Самат Жаксылыкович
Мусаева Гульназ Баянбаевна
Закерия Ализа, Уборщица
Мүбәрәк Нурлан
Тимченко Владимир Борисович
Керимкулов Куанышбек Жиенбекович
Тунтеев Назарбек Саттарович
Булекбаев Амирхан Даулетович
Омаркожаева Асем Нурбергеневна
Ибраимова Сауле Жумагалиевна
Валиева Салтанат Несипбековна
Ахметова Гульмира Назымбековна
Бралина Гүлзат Базарқызы
Кулбаева Камила Өркенқызы
Жумадилова Аида Бакытжановна
Жуманазаров Касымхан Бекбауович
Мустафаева Раббат Мустафаевна
Такирова Айгерим Хасеновна
Нургалиева Жұлдыз Джамбуловна
Анетова Айжан Жакановна
Мұқажанов Ермек Нұрбекұлы
Рей Инна Юрьевна

Специальности бакалавриата

Шифр	Наименование специальности
5B042100	Дизайн
5B050600	Экономика
5B050700	Менеджмент
5B050800	Учет и аудит
5B050900	Финансы
5B051000	Государственное и местное управление
5B060800	Экология
5B070100	Биотехнология
5B070300	Информационные системы
5B072100	Химическая технология органических веществ
5B072600	Технология и конструирование изделий легкой промышленности
5B072700	Технология продовольственных продуктов
5B072800	Технология перерабатывающих производств (по отраслям)
5B073100	Безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды
5B073200	Стандартизация и сертификация (по отраслям)
5B090200	Туризм
5B091200	Ресторанное дело и гостиничный бизнес

Специальности магистратуры

Шифр	Наименование специальности
6M050600	Экономика
6M050700	Менеджмент

6M051000	Государственное и местное управление
6M070300	Информационные системы
6M072100	Химическая технология органических веществ (в области переработки нефти, газа, угля)

Специальности колледжа

Шифр	Наименование специальности
0103023	Физическая культура и спорт
0201013	Правоведение
0202013	Правоохранительная деятельность
0402000	Дизайн (по профилю)
0507000	Организация обслуживания гостиничных хозяйств
0511000	Туризм (по отраслям)
0516000	Финансы (по отраслям)
0601000	Стандартизация, метрология и сертификация (по отраслям)
0819000	Технология переработки нефти и газа
1211000	Швейное производство и моделирование
1226000	Технология и организация производства продукции предприятий питания
1305000	Информационные системы (по областям применения)
1418000	Архитектура

Құрылтайшысы: **КУЛАЖАНОВ Т.К.**
Меншік иесі: «Қазақ технология және бизнес университеті» Акционерлік қоғамы

> Газет айына екі рет шығады
> Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, хаттар мен қолжазба қайтарылмайды
> Автор мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді
> Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты

Таралымы
99 дана

Мекен-жайымыз:
АО «Казакский университет технологии и бизнеса»
Республика Казахстан
010000 г. Астана,
ул. Кайым Мухамедханова, здание 37 А
Тел: +7(7172) 279-230
e-mail: akutb@mail.ru
www.kazutb.kz